

«Адал friends» облыстық әлеуметтік-волонтерлік жобасын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

Осы ереже әлеуметтік осал адамдар үшін «Адал friends» облыстық жобасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.

Жоба халықтың әлеуметтік осал топтарының мәселелеріне қоғамның басты назарын және тұрақты қызығушылығын қалыптастыру, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, мұқтаждардың мүдделерін қалыптастыру және іске асыру жөніндегі әлеуметтік топтардың (әлеуметтік желілердің) күш-жігерін біріктіру мақсатында жүргізіледі.

1.1 Жоба үйде оқитын баланы моральдық қолдауына, оның қоғамдағы әлеуметтік бейімделуіне, оқушылардың мейірімділік сезімін, мүмкіндігі шектеулі адамдарға құрмет пен түсінушілікті қалыптастыруына, өзінің әлеуметтік маңыздылығын түсінуіне бағытталған.

1.2. Жобаның міндеттері:

1. Оқушыларды үйде оқитын сыныптасына, құрдастарына қамқор, ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
2. Өзгелерге қажетті көмек пен қолдау көрсетуге деген ықылас пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.
3. Көмекке мұқтаж адамдарға қатысты әрбір іс-әрекет үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

2. Конкурс қатысушылары: жалпы орта білім беретін мектептерінің, балалар мектеп-интернаттарының 1-11 сынып оқушылары.

Жобаға Павлодар облысының білім беру мекемелерінің өз еркімен бастама көтерген және өз мектебінің волонтерлерінің мобильді тобына кірген балалар, оқушылар, ата – аналар, педагогтар, мүмкіндіктері шектеулі балалар, үйде оқитын және мектепте оқуға жатпайтын мүгедек балалар қатыса алады.

3. Жобаның өткізу мерзімі мен реті

1 этап 10-15 қазан-табиғи материалдардан «Күзгі қиялдар».

2 этап 10-15 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Бәйтерек» шеберлік сабағы қағаздан жасалған аппликация - мозаикалар.

3 этап 10-15 қаңтар – «Қысқы ойын-сауық» қысқы аулада ересек адаммен бірге серуендеу, баланың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай қысқы ойындар (қардан мүсіндеу, қарға сурет салу және т. б.), сондай-ақ Құсқа арналған астауды бірлесіп жасау және оны үнемі жеммен толықтыруға көмектесу.

4 этап 1-7 наурыз - 8 наурызға анасына, әжесіне, қарындасына сыйлық дайындауға көмек көрсету;

5 этап 5-10 сәуір-Шығармашылық алаң – «Бұл әлем қандай керемет» сурет салудың дәстүрлі емес әдісі (дәнді дақылдармен сурет салу, алақанмен сурет салу, мақта тампонымен сурет салу, саусақпен сурет салу, тоқу әдісімен сурет салу, пластилинография және т. б.)

4.Жобаны қорытындылау. Өткізілген іс-шаралардың қорытындысын әрбір кезең бойынша көрсетілген хэштегтері бар әлеуметтік желілерде орналастыру және іс-шараны өткізу туралы қала/аудан, мектеп және сынып,еріктілердің Т.А.Ә.,сынып жетекшінің Т.А.Ә. туралы мәліметті жазуды ұсынылады. Есеп беруді (1- қосымша) adal.friends@bk.ru электрондық мекенжайына жіберу.

5. Күтілетін нәтиже: үйде оқытылатын мектепке бекітілген балалардың мәселелеріне қоғамның қызығушылығы мен басты назарын аудару, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мүдделерін қалыптастыру және іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдардың, БАҚ-ның және басқа да әлеуметтік топтардың күш-жігерін біріктіру.

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНДАР ЖОҚ, ИГІ ІСТЕР ТЕГІН ЖАСАЛАДЫ.

Есеп нысаны (ай сайын 15-не дейін)

№	Мектеп/ Қала/ аудан	Іс-шараның атауы	Еріктілер саны	ЕБҚ балалар саны	Жауапты адамның ТАӘ, телефоны
Барлығы:					

МІНДЕТТІ ТҮРДЕ!

Ескертпе. Фото және видеоны жеке жіберу.